

Тәжірибелік сабақ №11.

Тақырыбы: Үмбетей жыраудың өмірі, шығармашылығы.

Мақсаты: Үмбетей шығармаларының өзіндік ерекшелігін көрсету; оларды талдау арқылы жыраудың өз бейнесін таныту, ғылыми тұрғыдан жаңаша баға беру; қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау. Көркем шығармадан үзінді жаттау арқылы мәтіндік қор жасау және сөздік қорын байыту, тіо мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырма: Үмбетей Тілеуліұлы – XVIII ғасырда жоңғарларға қарсы күресті жырлаған жырау, батыр, шешен адам. Қазақ елін жаудан қорғаған батырларды құрметтеп, бейнесін жасаған. Әсіресе, Қанжығалы Бөгенбай батырды ерекше сыйлап, құрмет тұтқан. Оған арнап жазған үлкен екі туындысы бар. 1. «Бөгенбай өліміне», 2. «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту». Сондай-ақ, философиялық, дидактикалық толғаулары мен мадақ жырлары көп. Бұқар жыраумен жолдас болған, оған арнап «Бұқараға» деген шығармасын жазған. Айтыстары.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Толғауларының тақырыптарына әдеби талдау жасау.

1. Ерлік, елдік, ел қорғау мәселесі;
2. Батырларды дәріптеу;
3. Бөгенбай бейнесін сомдауға арналған толғаулары;
1. Қ. Жұмағалиев бірнеше мақала жаған онда Бұхарадан кейінгі ірі жырау деп баға береді.
2. Ғалымжан Мұхатов Бәкеге деген толғауын жазып берді.
3. Н.С. Смирнова «XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары» деген мақаласында пікір айтты.
4. Ә. Марғұлан өзінің зерттеулерінде Үмбетей толғауларына баға береді.
5. Ө. Күмісбаев «Үмбетей жырау деген мақаласында «Халық кеңесі» 1992 ж. 30 қазан»
6. М. Мағауин «Алдаспан жинағына толғауларын енгізген». (1973 ж.) 7. «Ай, заман-ай, заман-ай» жинақ. 1 том. – Алматы: 1986.

Пысықтау сұрақтары:

1. Үмбетей өмірінен деректер.
2. Шығармаларының зерттелуі.
3. Толғауларының негізгі тақырыптары.
4. Үмбетей толғауларындағы Абылай хан мен Бөгембай батыр образдары.
5. Үмбетейдің Бөгенбай өліміне байланысты толғаулары, олардың мәні.
6. Арнау толғаулары
7. Өсиет, ғибрат, нақыл сөздері.
8. Үмбетейдің «Бөгембай өліміне» толғауын жаттау
9. Үмбетей поэзиясы.

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту